

Бұрынғы жатақхана ғимаратының бір бөлігін республикалық меншіктен Қостанай облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 582 Қаулысы

«Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 6-шағын аудан, 52-үй мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы - 2690,6 шаршы метр бұрынғы жатақхана ғимаратының бір бөлігі (бұдан әрі - объект) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Қостанай облыстық сотының кеңсесі» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен республикалық меншіктен, Қостанай облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қостанай облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен объектіні қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов